



## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2020 жылдың 12 ақпаны

### **KASE биржалық нарықтың 2020 жылдың қаңтар айындағы қорытындысы бойынша жұмыс қорытындысын ұсынады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE немесе Биржа) 2020 жылдың қаңтар айының негізгі қызмет қорытындысы туралы хабарлайды.

- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 2019 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда 2,6 % немесе 9 137,7 млрд теңгеге төмендеді.
- Акциялар нарығында сауда-саттық көлемі 22,7 % өсті.
- KASE ресми тізіміне алты эмитенттің корпоративтік облигацияларының 17 шығарылымы енгізілді, олардың екеуі Биржада алғаш рет листинг рәсімінен өтті.
- корпоративтік облигациялары секторында жалпы сомасы 44,1 млрд теңге корпоративтік облигациялардың бес шығарылымы орналастырылды.
- Қаңтар айының қорытындысы бойынша саудаланған корпоративтік борыш көлемі 6 % өсіп, 12,9 трлн теңгені құрады.

### **АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ**

Қаңтар айының қорытындысы бойынша акциялар нарығының капитализациясы 0,5 % немесе 80,8 млрд теңгеден 17,1 трлн теңгеге дейін төмендеді.

Айдың аяғында KASE ресми тізімінде 123 эмитенттің 139 акциялары орналастырылды, олардың ішінде үш шығарылымы листингілік емес бағалы қағаздар секторында айналысқа жіберілді.

Есептік айда Биржаның ресми тізімінен екі жай акция шығарылды: Ferro-Alloy Resources Limited – эмитенттің бастауы бойынша, "Standard" сақтандыру компаниясы" АҚ – шығарылымды жоюға байланысты.

2020 жылы қаңтар айында акциялармен сауда-саттық көлемі 22,7 % немесе 3,3 млрд теңгеге өсіп, 17,9 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаты арасында жеке тұлғалардың үлесі акциялармен жалпы мәміле көлемі 43,1 % құрады. Екінші деңгейдегі банктердің қатысуы (ЕДБ) – 0,1 %, брокер-дилерлер – 10,9 %, өзге институционалдық инвесторлар – 4,7 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 41,3 %. Бейрезиденттердің қатысуы 26,1 % бағаланады.

### **KASE ИНДЕКСІ**

2020 жылдың алғашқы айында KASE Индексі сыртқы (макрэкономикалық конъюнктура) және ішкі (корпоративтік тарихы) факторлардың әсерінен әр түрлі бағытта орын алды. Қаңтар айының ортасында индикатор 2018 жылдың шілде айынан бастап ең жоғарғы мәніне ие болды, алайда жахандық нарыққа жағымсыз жағдайлардың күшеюіне байланысты төмендеуге әкеп

соқты. Қаңтар айының қорытындысы бойынша Қазақстан қор нарығының басты индикаторы 2,7 % дейін төмендеп, 2 299,25 нүктені құрады.

Эмитент	Сауда- саттық коды	баға өзгеруі		
		31.12.2019	31.01.2020	2020 ж қаңтарда
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	226,10	237,00	+4,8%
"Қазақстан Халық Жинақ банкі" АҚ	HSBK	131,00	137,22	+4,7%
"Кселл" АҚ	KCEL	2 330,00	2 380,00	+2,1%
"КазТрансОйл" АҚ	KZTO	1 035,90	1 029,97	-0,6%
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 624,00	1 600,00	-1,5%
"Казатомпром" ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	5 218,00	5 050,00	-3,2%
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	27 100,00	24 801,00	-8,5%
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	2 630,02	2 329,00	-11,4%

Индекстік себеттің үш компоненті үшін қаңтар айы сәтті ай болды. Банктік сектордың жай акциялары сәйкес сенімді өсім құнын көрсетеді. "Банк ЦентрКредит" АҚ жай акциялары 4,8 % дейін 237 теңгеге өсті, 2019 жылдың шілдесінен бастап өсе бастады. ҚР ҰБ мәліметтері бойынша, 2019 жылдың қорытындысы бойынша банк өзінің ссудалық қоржынының сапасын жақсартты. 2019 жылдың 01 қаңтарына несие үлесінің мерзімі асқан төлемі 19,1 % құраса, 2020 жылдың 01 қаңтарына бұл көрсеткіш 9,7 % төмендеді. Сонымен қатар, несие қоржыны 2,2 % артты. Аталмыш фактілерді назарға ала отырып, сондай-ақ "Банк ЦентрКредит" АҚ жыл басында өнімдер желісін кеңейтіп, "7-20-25" тұрғын үй несиелендіру бағдарламасының жеті серіктестерінің бірі болып табылады, қағаздарда әрі қарайғы өсімінің шектеу әлеуеті сақталады.

"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акциялары 4,7 % өсіп, 137,22 теңгені құрады. Банк акциялары 2019 жылы банк басшылығы атап өткен таза табыс өсімі болжамы бойынша 25 % көбейгендіктен, сондай-ақ 2019 жылдың қорытындысы бойынша дивиденд көлемі өсуі мүмкіндігі арқасында, Қазақстан банктік секторындағы мықты позициясының салдарынан жоғары инвестициялық тартымдылығын сақтап отыр.

Өткен айдағы негізгі аутсайдерлер KAZ Minerals PLC жай акциялары болды, олар 11,4 % бағасын жоғалтып, 2 329 теңгеге дейін құлдырады. Bloomberg ақпараттық терминалының мәліметтері бойынша, Лондон қор биржасындағы KAZ Minerals PLC жай акцияларының бағасы қаңтар айында 9,9 % төмендеді. Лондон товарлық биржасында мыстың фьючерстік шарты (компанияның қызмет өндірісінің негізгі өнімі) осы кезеңде 8,5 % төмендеді. Қаңтар айында акция бағасы айтарлықтай ауытқымалы болды. 20 қаңтарға дейін ірі инвестициялық үйлердің металл нарығы болжамын жаңарту жағдайында жоғары көтерілу динамикасы басымдық берді, сондай-ақ инвесторлар тарапынан сұраныстың өсуін байқадық. Әрі қарай коронавирустың пайда болуы туралы жаңалық Қытай экономикасының тежелу тәуекелін арттыра түсті, мыстың баға белгілеулеріндегі құлдырау акция құнын шамамен 13,5 %-ға төмендетті. Қаңтар айының аяғында компания акцияларына қолдау көрсету факторы ретінде компания үшін халықаралық заемдар бойынша пайыздық мөлшерлемесін арттыру тәуекелін бейтараптандыратын жаңалығы пайда болды. KAZ Minerals тобы 29 қаңтарда 1 млрд АҚШ долларына дейін қарыз лимитін арттыруды, несие желісі бойынша мерзімін арттырып, пайыздық маржасын азайтуды көздеген, қолданыстағы экспорт алды несие желісін қайта қаржыландыру жөнінде хабарлады.

## КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

2020 жылдың соңында KASE ресми тізімінде 72 эмитенттің 271 атаудағы корпоративтік облигациялары шығарылымы болды.

KASE ресми тізіміне алты эмитенттің 17 шығарылым облигациялары енгізілді, оның ішінде екеуі Биржада алғаш рет листингілеуден өтті: Банк ВТБ Еншілес ұйымының (Қазақстан) он шығарылымы, "Баспана" Ипотекалық ұйымы" АҚ және "Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" АҚ

Ипотечкалық ұйымының екі шығарылымы, "FIVE BROKERS' CAPITAL" АҚ, "СевКазЭнерго" АҚ және LLOYDS BANK PLC. Бір шығарылымнан.

Сонымен қатар, KASE ресми тізімінен корпоративтік облигациялардың екі шығарылымы тізімнен шығарылды: "СевКазЭнерго" АҚ – айналым мерзімі өтуіне байланысты және "Холдинг КАЗЭКСПОРТАСТЫК" АҚ – өзінің міндеттемелері бойынша сыйақы төлемі бойынша эмитент дефолтына байланысты.

Қаңтар айында корпоративтік борыш көлемі 6 % немесе 728 млрд теңгеден 12,9 трлн теңгеге өсті.

Корпоративтік облигациялардың кірістілігі индексі мәні KASE\_BMY жыл басынан бері 15 базистік нүктеге төмендеп, жылдық 10,69 % құрады.

Корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық көлемі KASE желтоқсан айына қарағанда 43,8 % немесе 46 млрд. теңгеден 58,9 млрд теңгеге артты.

Қаңтар айында алғашқы нарығында корпоративтік облигациялар секторында жалпы сомасы 44,1 млрд теңгеге бес шығарылым орналастырылды, ол желтоқсан айындағы көрсеткіштен 54,2 % немесе 52,2 млрд теңгеге төмендеді:

- "Баспана" Ипотечкалық ұйымы" АҚ KZ2C00006328 (BASPB5) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,7419 % орналастыра отырып, 32,7 млрд теңгені тартты;
- "Баспана" Ипотечкалық ұйымы" АҚ KZ2C00006336 (BASPB6) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,7300 % орналастыра отырып, 3,9 млрд теңгені тартты;
- "КазАгроФинанс" АҚ KZ2C00006385 (KAFIB9) облигацияларын жылдық 13 % орналастыра отырып, 2,5 млрд теңге тартты;
- "Көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны" АҚ KZ2C00004539 (ORPTb1) облигацияларын өтеу кірістілігі жылдық 10,4994 % орналастыра отырып, 150,3 млн теңге тартты;
- "СевКазЭнерго" АҚ KZ2C00006500 (SKENb3) облигацияларын өтеу кірістілігі жылдық 13,75 % орналастыра отырып, 5 млрд теңге тартты.

Корпоративтік облигациялардың алғашқы нарығында инвесторлардың негізгі санатында ЕДБ үлесі 68,5 % құрады. брокер-дилерлер – 7,2 %, өзге институционалдық инвесторлар – 18,2 %, өзге заңды тұлғалар – 6,2 %, жеке тұлғалар – 0,1%.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 72 % немесе 6,2 млрд теңгеден 14,8 млрд теңгеге дейін өсті.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында инвесторлардың негізгі санатында ЕДБ үлесі 1,4 % құрады, брокер-дилерлер – 3,6 %, өзге институционалдық инвесторлар – 23 %, өзге заңды тұлғалар – 69,9 %, жеке тұлғалар – 2,1%. Резидент еместер үлесі 0,8 % құрады.

## **МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ**

Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналды құны қаңтар айының қорытындысы бойынша 4 % немесе 535,4 млрд теңгеден 13,5 трлн теңгеге дейін артты.

Қазақстан қор биржасында қаңтар айында МБҚ нарығындағы сауда-саттық көлемі 4 есе немесе 139,6 млрд теңгеге өсіп, 182,3 трлн теңгеге жетті.

Есептік кезеңде Қаржы министрлігі ұзақ мерзімді бес облигациялар шығарылымын жылдық 9,47–9,51% орналастырып, 168,1 млрд теңгені тартты.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 4,5 % немесе 0,6 млрд теңгеге өсіп, 14,2 млрд теңгеге дейін жетті. Қайталама нарықтағы сауда-саттықтың жалпы айналымы Ұлттық Банк ноттарының 80 % қалды. Көлемі 85,2 млн теңге бес мәміле шет ел мемлекеттерінің МБҚ жасалды.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санатында ЕДБ үлесі 39,9 %, брокер-дилерлердің үлесі – 0,4 %, өзге институционалдық инвесторлар – 22,1 %, өзге заңды тұлғалар – 37,6 %, жеке тұлғалар – 1 %. Резидент еместер сауда-саттыққа қатыспады.

## ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік айда KASE сауда-саттық тізімдерінде бес халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының 30 шығарылымы болды, соның ішінде: Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) және Азия даму банкі.

Есептік айда Қазақстан қор биржасында ХҚҰ облигацияларын орналастыру өткізілген жоқ.

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 808,7 млн теңгені құрады, ол желтоқсан айына қарағанда 2,7 есе артты.

Инвесторлар құрылымында брокер-дилерлердің үлесіне 50 %, өзге институционалдық инвесторларға – 50 % келді.

## Инвестициялық қорлардың үлеспұлдары

2020 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар" секторында сегіз компанияның басқаруындағы 11 қаржы құралы болды.

Есептік кезеңде сауда-саттық көлемі 103,8 млн теңгені құрап, желтоқсан айына қарағанда 20,9 % төмендеді.

Негізгі инвесторлар құрамына 58,9 % жеке тұлғаларға – 22,1 %, брокер-дилерлердің үлесіне – 35,3 %, 5,8 % өзге заңды тұлғаларға келді.

## Бағалы қағаздар нарығындағы жеке тұлғалардың шоттары

2020 жылдың 01 ақпанындағы жағдай бойынша Орталық депозитарииде жеке тұлғалар ашқан 117 632 жеке шот бар, ол өткен аймен салыстырғанда 63 шотқа аз және 2019 жылдың басына қарағанда 808 шотқа артық.

## ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Шет ел валюталарының нарығында сауда-саттық көлемі 905,2 млрд теңгеге жетті, ол өткен жылдың көрсеткішіне қарағанда 8 % немесе 78,9 млрд теңгеге аз.

Сыртқы экономикалық конъюнктураның қысымына қарамастан, алаңда саудаланатын барлық шет елдік валюталарға қатысты ұлттық валюта нығая түсті. Ағымдағы жылдың қаңтар айында биржалық айырбастау бағамы 376,09-382,14 теңге аралығында өзгерді. Теңгенің АҚШ долларына қатысты 0,9 % 379,05 теңгеге дейін нығаюының негізгі себебі теңгелік бағалы қағаздарға шет елдік инвестицияның ағылуы болып табылады. "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ статистикасы мәліметтері бойынша, 2020 жылдың 01 ақпанына Қазақстанның мемлекеттік бағалы қағаздарына шет елдік инвестициялардың нетто-көлемі 252,9 млрд теңгені немесе 667,9 млн АҚШ долларын құрады, ол теңгелік мәні бойынша 2020 жылдың 01 қаңтарындағы көрсеткіштен 58 % жоғары және 2019 жылдың 01 желтоқсанына қарағанда 4,7 есе.

Сыртқы факторлардың көбісі дамыған және дамушы елдердің валюталарына қатысты АҚШ доллары бағамының нығаюына алып келді. Қаңтар айындағы қаржы нарығына қысымын көрсеткен негізгі себебі Қытайдағы коронавирустың пайда болуы болды. қаңтар айындағы жағымсыз сыртқы саяси жағдайда Brent маркалы мұнайы 11,9 % төмендеп, бір баррельге 58,16 АҚШ долларын құрады.

Келесі кестеде KASE саудаланатын валюталық жұбының негізгі сипаттамасы келтірілген (жақшаның ішінде өткен жылдың сәйкес кезеңінде көрсеткішінің өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шет елдік валютаның теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналдық өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле саны	Мин. және макс. бағамдары, валюта бірлігіне KZT	жылдың соңындағы бағамы (% өзг.)
USD/KZT	2 370,90 (-7,10 %)	99,2 % (-0,18 %)	6 779 (+201)	376,09 – 382,60	379,05 (-0,93 %)

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле саны	Мин. және макс. бағамдары, валюта бірлігіне KZT	жылдың соңындағы бағамы (% өзг.)
RUB/KZT	365,4 (-15,52 %)	0,2 % (-0,12 %)	61 (-2)	6,0168 – 6,2032	6,0168 (-2,89 %)
CNY/KZT	54,55 (x 2,64)	0,3 % (+0,22 %)	38 (-3)	54,3700 – 55,1700	54,5840 (-0,61 %)
EUR/KZT	5,69 (-10,81 %)	0,3 % (-0,01 %)	29 (-9)	417,79 – 428,20	417,90 (-2,41 %)

## АҚША НАРЫҒЫ

Ұлттық Банктің 2020 жылдың 03 ақпанындағы шешімімен базалық мөлшерлемесі жылдық 9,25 % деңгейінде +/-1% дәлізбен сақталды. Инфляция мақсатты дәліз аясында 4-6 % сақталды.

Қаңтар айының соңында TONIA индикаторы 91 б.н. төмендеп, жылдық 9,14 % құрады, сонымен қатар TWINA индикаторның мәні (мерзімі жеті жұмыс күндік репо ашылу мәмілелерінің орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 77 б.н. төмендеп, жылдық 9,24 % төмендеп құрағанын көрсетті.

Қаржы нарығының индикаторы TONIA жаңа жылдық ауытқулардан кейін айтарлықтай тұрақты болды, TONIA орташа мәні 8,63 % құрады. Кейіннен ауытқушылығы бюджетке салықтық төлем сәттерінде артты – 2020 жылдың 20 және 27 қаңтарында.

Қыркүйек айының соңында бір күндік долларлық своп кірістілігі бір айда 159 б.н. жоғалтып, SWAP-1D (USD) жылдық 8,57 % құрады. Екі күндік своп кірістілігі SWAP-2D (USD) 152 б.н. өсіп, жылдық 8,55 % құрады.

KazPrime-3M (KZT) индикаторы өзінің қозғалысын Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесінің жоғары шегінде жалғастырып, индикаторы жылдық 10,25 % құрады.

Бір жұмыс күнге ашылған, USD/KZT валюталық своп операциялары және МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша мәміленің көлемі арқылы орташа сараланған кірістіліктің мәнін көрсететін, ақша нарығының композиттік индикаторы MM\_Index қаңтар айының соңында жылдық 9,11 % құрап, 96 б.н. төмендеді.

## Репо операцияларының нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттық көлемі 6 241,1 млрд теңгені құрады, бұл өткен айдың көрсеткішінен 205,2 млрд теңге немесе 3,2 % төмен. Репо ашылу операциялары сауда-саттықтарының жалпы көлемінен 98 % МБҚ себетімен авторепо мәмілелерінің үлесінде болды. МБҚ себетімен авторепо нарығындағы ең танымал қаржы құралы бір күндік репо операциялары болып қалды, олармен жасалған мәмілелердің МБҚ себетімен авторепо нарығының жалпы көлеміндегі үлесі 95,6 % құрады.

## Валюталық своп операциялары

Валюталық своп нарығындағы сауда-саттық көлемі 3,6 % немесе 59,9 млрд теңгеден 1 731,4 млрд теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі құралдық құрылымы 80,6 % (1,4 трлн теңге немесе 3,7 млрд USD) екі күндік валюталық своп (USDKZT\_0\_002) мәмілелерінің үлесінде болды.

Қараша айында "ұзақ" валюталық своппен бір айда жалпы сомасы 18,9 млрд теңгеге (50 млрд USD) бес мәміле жасалды, бір аптада – жалпы сомасы 3,8 млрд теңгеге (10 млрд USD) бір мәміле жасалды.

## ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Осы кезде биржалық нарықтың осы секторында, базалық активтері АҚШ доллары, KASE индексі және акциялардың кейбір атаулары болып табылатын, фьючерстер саудалауға

қолжетімді. Қаңтар айында апталық фьючерстермен мәміле жасалған жоқ. Ақпан айының басына қарай деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашылған жайғасымдары болған жоқ.

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz).